

**«Балдәурен» МДҰ-ның құрамы туралы мәлімет 2023жыл**

№	Қамқоршылық кеңес мүшелері	Кеңестегі міндеттері	Жұмыс орны	Қамқоршылық кеңес құрылғаны туралы
1	Сагинбаев Ақылбек Полатович	Төрағасы	Қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі	№466 бұйрық №06 бұйрық
2	Бигабылова Жұлдысай Рахымовна	Мүшесі	Ата-ана	
3	Нижник Никита Николаевич	Мүшесі	Денешыңқтыру пәні мұғалімі	
4	Мұхышева Нәсіп Меңдібайқызы	Мүшесі	Ата-ана	
5	Мусина Молдир Адилхановнаға	Мүшесі	Жамбыл ауылдық округі	
6	Алиева Жанар Маликован	Хатшы	Бастауыш сынып мұғалімі	
7	Бекпенбетов Нурбол Куанышулы	Мүшесі	Шекара қызметкері	

«Балдәурен» МДҰ меңгеруші м.у.а:



Қ.Ж.Мырзабек

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

### Хаттама №1

**Қатысқандар: 9**

**Күн тәртібі:**

1. 2023-2024 оқу жылында қамқоршылық кеңесін құру , қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен мүшелерін сайлау.
2. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.

**1.Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Балдәурен » МДҰ-ның меңгеруші м.у.а Мырзабек Ж.Қ:Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен өзгеріс енгізілген) таныстырып өтті және қамқоршылық кеңесінің міндеттері түсіндірілді. Қамқоршылық кеңес төрағасын бір ауыздан сайлау нәтижесінде Сагинбаев А.П тағайындалды және кеңес мүшелері сайланды.

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.

Қамқоршылық кеңестің құрамына 7 адам мүше болып тағайындалды.

1. Сагинбаев Ақылбек Полатович-төрағасы
2. Бигабылова Жұлдысай Рахымовна-мүшесі
3. Нижник Никита Николаевич-мүшесі
4. Мұхышева Нәсіп Меңдібайқызы-мүшесі
5. Мусина Молдир Адилхановнаға-мүшесі
6. Алиева Жанар Маликовна -хатшы
7. Бекпенбетов Нурбол Куанышулы-мүшесі

**Шешім:**

1. Қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес мүшелері міндеттері бойынша жұмыс атқарсын.
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар төраға басшылығымен орындалсын.

Хатшы .



Алиева Ж.М

Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

## Хаттама № 2

**Қатысқандар: 6**

**Күн тәртібі:**

1. Ата-аналардың өз еркімен берген қаржысы болған жағдайда, көлемін және бағытын анықтап 2024 жылға қарай материалдық – техникалық базаны нығайту.
2. Жаңа- жыл мерекесіне қатысты іс-шара ұйымдастыру барысында демеушілерді тарту.

**Тыңдалды:**

**Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгеруші м.у.а Ж.Қ.Мырзабек сөз алды:**

Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі қамқоршылық кеңесімізге қош келдіңіздер! Біз балабақша ата-аналарымен тығыз байланыста отырамыз. Ата-аналар өз еркімен ешқандай қаржылық жағынан демеуші болған жоқ. Бірақ жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік шырша ойыншықтарын жасауға акциясын ұйымдастырдық. Бізге мерекелік іс-шараға аниматорлар керек балаларға қызықты болу үшін. Соған сіздердің көмектеріңіз қажет.

**Қамқоршылық кеңес төрағасы Сагинбаев А.П сөз алды:**

Баршаңызға келе жатқан жаңа жыл мерекесі құтты болсын! Балабақшадағы ата-аналар комитетіне ескертіп айтармыз. Ата-аналар балабақшадағы балалары үшін келіседі деп ойлаймын.

**Қамқоршылық кеңес мүшесі Нижник Н.Н сөз алды:**

Саламатсыздар ма! Балабақшадағы жылда өтілетін кезекті жаңа жыл мерекесіне көмек керек болса дайынбыз. Мерекелік шараға аниматорлар керек болса, болуға дайынбыз.

**Шешім:**

1. Балабақшада жаңа жыл мерекесіне жаңа жылдық шырша ойыншықтарын жасауға акция ұйымдастырылсын.
2. Жаңа жыл мерекесіне байланысты акция өз уақытында өткізілсін.

Хатшы:  Алиева Ж.М

Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

### Хаттама № 3

Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. «Қайырымдылық» акциясына қатысу.
2. Бүлдіршіндерді денсаулығын сақтау барысында спорттық базаны нығайту.

**1.Тыңдалды:**

**«Балдәурен» МДҰ-ның әдіскері Макетай Ш.С сөз алды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Макетай Ш.С қайырымдылық акциясы туралы хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында балабақшада бұрын қызмет жасаған зейнеткерлерімізге арнап қайырымдылық акциясын ұйымдастыруды қолға алып жатқаны жайлы түсіндіріп өтті. Балабақша ұжымымен бірлесе отыра сый-сияпат көрсетіп, үйлеріне барып араладық. Зейнеткерлерімізге балабақшаға сіңірген еңбектеріне алғыс айтып бардық.

**Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі ата-ана**


**Мухышева Н.М сөз алды:**

Осы екінші мәселе бойынша айтатын болсам. Балабақшадағы тәрбиеленушілердің денсаулықтарын нығайту барысында балабақша тәрбиешілерімен бірлесе отыра балабақшаға спорттық құрал-жабдықтар алдық. Физикалық дағдысын дамыту мақсатында дене шынықтыру сабағына ж.д.ж және қимылдық ойындарға қолдану мақсатында алынды. Алдағы уақытта да балабақшаны спорттық құрал-жабдықтармен толықтырып отырамыз.

**Шешім:**

1. Қайырымдылық акциясы алдағы уақытта да жүргізіліп отырсын.
2. Балабақшада спорттық құрал-жабдықтар толықтырып, балаларға пайдалануға берілсін.

Хатшы:



Алиева Ж.М

Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

#### Хаттама № 4

Қатысқандар: 9

Күн тәртібі:

1. «Наурыз» мерекесін өткізу барысында іс-шара ұйымдастыру.
2. Мектепке дейінгі ұйымды абаттандыру жұмыстарын жүргізу.

**Қамқоршылық кеңес мүшесі Мусина М сөз алды:**

Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз мейрамы 22 наурыз күні аталып өтілетінін бәріміз білеміз. Жылдағы әдет бойынша балабақша да наурыз айында наурыз мерекесі аталып өтеді. Биыл да балабақшада қандай іс-шара өткізіледі?

**«Балдәурен» МДҰ-ның әдіскері Макетай Ш.С сөз алды:**

Биыл іште жылдағы үрдіс бойынша наурыз айында жоспар бойынша 1-наурыз алғыс айту күні, 8 – наурыз халықаралық әйелдер мерекесі күні, 14 наурыз көрісу күні, 22 – наурыз өзіміздің төл мерекеміз. Балабақша да дайындық басталып, тәрбиешілер балалармен жұмыстар жүргізіп жатыр. 8 – наурыз халықаралық әйелдер мерекесі күні іште мерекелік концерт өтілетін болады. 14-наурыз күні іште балабақша қызметкерлері ұлттық киімдерін киіп, балабақша ата-аналарына қазақтың ұлттық тағамдарын қойып, көже асып дастархан жаяды. 22-наурыз күні тәрбиешілер балалармен қазақтың ұлттық ойындарын, ұлттық әдет –ғұрып салт дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында іс-шара өткізеді. Бұл іс-шараға ата-аналарымызда өз үлестерін қосып, көріністерге белсенді қатысады.

**Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Сагинбаев А.П сөз алды:**

Балабақшада жылда балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп отыратынын бәріміз білеміз. Биыл ауладағы балалар ойын алаңына толықтыру жұмыстарын жүргізу керек сияқты. Балабақша қызметкерлерінен сұрайық, бізден қандай көмектер қажет екенін. Біз қамқоршылық кеңес мүшелері болып бірлесе көмегімізді береміз.

**Екінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Макетай Ш.С сөз алды:** Балабақша ауласын балабақша қызметкерлері болып әр сенбілік сайын тазартып, отырамыз. Қазір көктем айы болғасын есік алдындағы қар сулары бізге кедергі келтіреді. Сол қар суларын тез еріп кету үшін, жартылай еріген қарларды шығаруға ер адамдардың көмегі керек.

Шешім:

1. Наурыз айындағы мерекелік іс-шаралар жоспар бойынша өз уақытында өткізілсін.
2. Мектепке дейінгі ұйым ауласындағы абаттандыру жұмыстары уақытымен жүргізіліп отырсын.

Хатшы:  Алиева Ж

**Хаттама № 5**

**Қатысқандар: 9**

**Күн тәртібі:**

1. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту.
2. Мектепалды даярлық тобына балаларды шығарып салу.
3. Атқарылған жұмыстар бойынша қамқоршылық кеңестің есебі.

**«Балдәурен» МДҰ-ның әдіскері Макетай Ш.С сөз алды:**

Биыл іште балабақшада екі тәрбиешіде болады. Жазғы сауықтыру жоспары бойынша тәрбиешілер, медбике жұмыстар жүргізетін болады. Жаз мезгілінде ҰОІӨ жүргізілмейді. Тек жазғы сауықтыру жоспарындағы іс-шаралар өткізілетін болады. 1-маусым балалар қорғау күніне арналған мерекелік концертпен бастайтын боламыз.

**Екінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы Сагинбаев А.П сөз алды:**

Биыл мектепте мектепалды даярлық тобы ашылатынын өздеріңізде жақсы білесіздер. Былтыр даярлық тобы ашылмай қалды оқушы саны жетпей. Жалпы қанша бала шығады деп отырсыздар балабақшадан.

**«Балдәурен» МДҰ-ның әдіскері Макетай Ш.С сөз алды:**

Бізде былтыр кететін балалардан бөлек биылғы баратын балалардан екі бала ғана қосылып тұр. Жалпы алты оқушыны шығарамыз балабақшадан деп отырмыз. Даярлық пен қоштасу концерті уақытымен өтеді деп жоспарлап отырмыз. Ата –аналар келіп қатысады.

**Үшінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес отырысының хатшысы**

**Алиева Жанар Маликовна сөз алды.:**

Сәлеметсіздер ме! Қамқоршылық кеңес отырысына қатысушылар. Биылғы қамқоршылық кеңес отырысының хатшысы болып жылдың басында сайланып едім. Жоспар бойынша кезекті отырыстар өз уақытымен жүргізілді деп толық айта аламын. Қамқоршылық кеңес мүшелеріне рахмет! Әрдайым бірлесе жоспар бойынша жұмыстарды атқаруда өз белсенділіктеріңізді көрсеттіңіздер. Алдағы отырыстарда да осындай белсенді болайық дегім келеді.

**Шешім:**

1. Жазғы сауықтыру жоспары бойынша жұмыстар өз уақытымен жүргізілсін.
2. Балабақшадағы мектепалды даярлықпен қоштасу концерті өз уақытында өткізілсін.
3. Жыл бойы өткізілген қамқоршылық кеңес отырысы жұмысының есебі қанағаттанарлық болып есептелсін.

Хатшы:  Алиева Ж